

Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы “Mir”
№4 қамқоршылық кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: «06» тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: Музыкалық зал

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: 0

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы.
2. Санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуы туралы.
3. Тамақ өнімдерінің сапасын бақылау.
4. Ішу режимінің ұйымдастырылуы мен орындалуын бақылау.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жиенбаева Мирамкуль Байдашовна 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.

Есепте кеңестің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген отырыстар, балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартуға қолдау көрсету, ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар баяндалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Кеңестің жылдық есебі бекітілсін.
3. Жаңа оқу жылында жұмыс тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар назарға алынсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Медбике Исаева Жанар балабақшадағы санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуы туралы ақпарат берді. Топ бөлмелерінің тазалығы, желдету режимі, күнделікті ылғалды тазалау, дезинфекциялық құралдардың қолданылуы және санитарлық талаптардың орындалуы туралы баяндалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Санитарлық режимді сақтау жұмыстары тұрақты бақылауда болсын.
3. Топ бөлмелерінде тазалық пен қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Асхана қызметкері және жауапты мамандар тәрбиеленушілердің тамақтану сапасы туралы есеп берді. Тамақ өнімдерінің сапасы, сақтау шарттары, тағамдардың санитарлық талаптарға сәйкестігі және ас мәзірінің орындалуы қаралды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Тамақ өнімдерінің сапасын бақылау жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Өнімдердің сақтау мерзімі мен сапасына тұрақты бақылау жүргізілсін.
3. Ас мәзірінің санитарлық талаптарға сәйкестігі қатаң сақталсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Медбике Исаева Жанар ішу режимінің ұйымдастырылуы туралы баяндады. Балалардың су ішу тәртібі, таза ауызсумен қамтамасыз етілуі және күнделікті бақылау жұмыстары туралы ақпарат берілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Ішу режимінің ұйымдастырылуы талапқа сай деп танылсын.
2. Балалардың таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі тұрақты бақылауда болсын.
3. Су ішу режимін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Дауыс беру нәтижесі:

Қолдады 5 адам

Қарсы – жоқ

Қалыс қалды – жоқ

Шешім бірауыздан қабылданды

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Балабақша меңгерушісі:



Исаева Ж.Н.

Исаева Ж.Н.